

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде**

**2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалы құжоспары**

Білім беру ұйымы: «Алтын бесік» бөбекжайы

Топ/сынып: «Ақ бота» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жастағы

Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы қаңтар айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|--------|---------------------------|--|
| ҚАҢТАР | Денешынықтыру | <p>Негізгі қимылдар: Домалату, лақтыру. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 м арақашықтықтағы нысанана (төмен, жоғары) лақтыру; отырып және тұрып, тұрлі заттардың астынан 0,5-1,5 м арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар Іштің және аяқтың бұлышық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар.</p> <p>Қимылды ойындар Балаларды ересектермен бірге қимылдары женіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p>Спорттық жаттығулар Шанамен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға, шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үрету;</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спортық, би және т.б.) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын менгерген қимылдарды өзбетінше орындауға ықылас танытуға баулу.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлыш, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өзбетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты</p> |

| | |
|----------------|--|
| | <p>бүктеп қою.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары</p> <p>Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Құн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзактығын қамтамасыз ету.</p> |
| Сөйлеудідамыту | <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.</p> <p>Фонетикалық қабылдау дағдырларын қалыптастыру</p> <p>заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту.</p> <p>Сөздік қор:</p> <p>Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тындалатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы</p> <p>Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Кітаптардағы суреттерді қарастыру, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.</p> <p>Шығармашылық сөйлеу іс-әрекеті</p> <p>Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тындалатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы</p> |

| | | |
|--|----------------|--|
| | | <p>Ересектердің жақсы көретінін сездіру.</p> <p>Шығармаларды қабылдау</p> <p>Менгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өзбетінше қолдануға ықпал ету.</p> |
| | Көркем әдебиет | <p>Оқу, әңгімелеу</p> <p>Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.</p> <p>Мәнерлеп оқу</p> <p>Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, ұстел ұсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.</p> <p>Мазмұндау</p> <p>Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.</p> <p>Театр дағдыларын дамыту</p> <p>Түрлі мәтіндерді оқығанда дұрыс тыныс алу</p> <p>Моральдық нормалар түсінігі</p> <p>Ересектермен және құрдастармен қарым - қатынас</p> |
| | Сенсорика | <p>Көп</p> <p>Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.</p> <p>Саны , есебі</p> <p>Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.</p> <p>Шамасы</p> <p>Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өзбетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.</p> <p>Геометриялық пішіндер</p> <p>Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигуналарды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигуналарды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.</p> <p>Кеңістікте бағдарлау</p> <p>Дене бөліктерінің орналасуын шарлау мүмкіндігін</p> |

| | |
|---------------------------|--|
| | <p>үйрету</p> <p>Уақыт бойынша бағдарлау</p> <p>Тәулік бөліктерін атау, тану дағдыларын қалыптастыру: таң, күн, кеш, түн .</p> |
| Коршаганортамен таныстыру | <p>Жанды және жансыз табиғаттың заттары мен құбылыстары</p> <p>Өлі табиғат (жылы, сұық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, сұық қар және т.б.) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мұсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау және т.б.) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау.</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер</p> <p>Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Коршаган ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп және т.б.) мен жемістерді (алма, алмұрт және т.б.) ажырату.</p> <p>Өсімдіктер мен жануарлар әлемі</p> <p>Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың тәлдерімен (қозы, лақ, бота және т.б.), аңдармен (аю, қасқыр, қоян және т.б.) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажыраты білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p> <p>Бала , оның отбасы ,үйі</p> <p>Баланың жеке тұлғасының қалыптасына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, оны ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру.</p> <p>Заттар әлемі</p> <p>Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану</p> <p>Жол ережелері</p> <p>Әртүрлі көлік түрлері, көлік бөліктері (жаяу жүргіншілер, жер асты өткелдері) бағдаршамдар, көшеде өзін-өзі ұсташа ережелері, өткелдер туралы білімдерін қалыптастыру</p> |
| Құрастыру | Құрылыш материалының құрылышы |

| | | |
|--|------------|--|
| | | Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылым мен материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр және т.б.), жазықтықтағы құрылыштың орналасу нұсқаларымен таныстыру. |
| | Сурет салу | <p>Сюжетті сурет салу Бейнелерді парапеттіңде орналастыра отырып, түрлі-түсті дактарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу</p> |
| | Мүсіндеу | <p>Сюжеттік мүсіндеу Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, терендетеу, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жұзік, қол сағат және т.б.) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу.</p> |
| | Жапсыру | <p>Сюжеттік жапсыру Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді тандауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.</p> |
| | Музыка | <p>Музыка тындау Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын ажыратада (баяу және көнілді әндер). Шырқау Әнді жеке және топпен айтада, әуенде интонациямен және ырғакты дұрыс жеткізу. Музыкалық-ритмикалық қимылдыр Денені онға, солға бүрү, басты онға, солға ию, қолдарды сермеуде және т.б. Билер Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтауда және аяқты тарсылату, жүрелеп отыруды, аяқтарын қозғауда, айналуда;</p> |

| | | |
|--|--|---|
| | | <p>Ойындар, әндер Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар және т.б.), ойындар мен әндерді сахналау</p> <p>Балаларға арналған музыкалық аспаптармен ойнау Қимылдарды заттармен: бубенмен, сылдырмақпен және т.б. орындау.</p> <p>Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.</p> |
|--|--|---|